

Жумабай Л.Ж.,* Мусакулова Д.А., Мекенбаева Э.А.
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
**ҰЛТ ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ НАСИХАТТАУДА
БҰҚАРАЛЫҚ МЕРЕКЕЛЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

Автор корреспондент: l.zhumabay@mail.ru

Түйін: Мереке – қоғамдық құбылыс десек, егеменді елімізде аталып өтілетін мәдени іс-шаралардың көркемдік деңгейі, ұйымдастырылуы, қатысушылардың белсенділігі, көркем мәнерлеу құралдарының сантүрлілігі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық деңгейінің қаншалықты дәрежеде екендігінің айғағы болмақ. Бүгінгі күні бұқаралық мерекелерде ұлт тарихында елеулі еңбектерімен, өнегелі өмірлерімен ұлы тұлға деңгейіне көтеріліп, мемлекеттік деңгейде мерейтойлары арнайы аталып өтілетін азаматтарға арналған іс-шараларды ұйымдастыруға қойылатын талап деңгейі жоғары болып отыр. Бұқаралық мереке ұйымдастырушылары Абылайхан, Абай, Әл-Фараби, Т.Рысқұлов, Ж.Шанин, Б.Момышұлы т.б. тарихи тұлғалардың образдарын сахналау барысында идеялық-эмоциональдық әсер ету құралдарын, музыкалық-шулық эффекттері, жарық аппаратының түрлерін - софит, пушка, светодиодты прожекторларды, декорацияларды, видеослайд, LED экран, деректі фильмдер, хореографиялық-пластикалық қойылымдар, театрализациялау, иллюстрациялау тәсілдерін, грим, театрлық костюмдер, реквизит пен бутафорларды режиссерлық шешімге сай мольнан қолдана білуі тиіс.

Кілттік сөздер: Тарих, ұлы тұлға, мереке, мәдениет, мерейтой, режиссура, насихаттау, сабақтастық, идея, образ.

Өткендердің қадірін білу, олардың арман-мүдделерін жалғастыру – адамгершілік парыз ғана емес, қоғамдық дамудың ілгері басудың негізгі алғышарттарының бірі. Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетіндегі барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді сақтап қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз. Тарихты елдің азаматтары жасайды десек, ұлт тарихында дархандығы даналықпен ұласқан ұлы тұлғалардың өмірлік ұстанымын, өлшеусіз өрлігін ұстыны биік ұрпақтары мәңгі есте сақтауы қажет.

Мемлекет басшысы Қасымжомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында - «Ендігі жылы бәріміз Әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларын атап өтеміз. Мерейтой барасында ысырапшылдыққа жол бермей, ғұлама тұлғаларымыздың еңбектерін халық арасында дәріптеуіміз керек. Сондай ақ, ең маңызды мерекеге - Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты тиісті шараларды іске асыруымыз қажет. Ел өміріндегі елеулі оқиғалар жас ұрпақты нағыз отаншылдыққа тәрбиелеуге жол ашады деп сенемін» деп атап өткен болатын. 2019 жылы елімізде ұлт тарихындағы жарқын тұлға, мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың 125 жылдығы кең көлемде аталып өтілуде. Әрине аталған мерейтойларға арналып түрлі ғылыми конференциялар, ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілетіні белгілі. Осы тұрғыда мәдени-тынығу жұмысының күрделі формасы - бұқаралық мерекелердің ұлы тұлғаларды насихаттаудағы ролі қандай болмақ деген мәселе жөнінде жан-жақты тоқталсақ.

Әр ұлттың ерекшелігі мен мәдени даралығын байқататын мерекелердің бүгінгі өмірімізде орын алуы мәдени сабақтастықтың сақталуына байланысты. Ол сабақтастықтың жоғары дәрежеде жалғасын табуы үшін заман талабын игерген, мәдени құндылықтардың мән-мағынасын жетік білген, ұйымдастырушылық, шығармашылық қабілеттері бар мамандардың ролі ерекше екені даусыз. Ондай қабілеттер таныта

алғанымен көне мәдениетті «оқып», жаңарту үшін өткеннің өнегесін бүгінгі мәдени сұраныстар мен талаптарға сәйкестіре алу білім мен бейімді қажет етеді. Сол себептен біздің алдымызға қойған мақсатымыз бүгінгі практикаға дәстүрлі мәдениет үлгілері арқылы ұлттық мәдени құндылықтар туралы білімі мен бейімін қалыптастыру. Дәстүрлі мәдениетті заман талабына лайықтау нәтижесіне әсер ететін факторлардың келесісі іс-шаралар мазмұны. Олардың, әсіресе, бұқаралық мерекелердің бүгінгі өмір сұранысына, олардың дүние-танымдық мәніне, көрерменнің санасы мен сезімінде із қалдырып, отбасылық тәжірибесінде қолдана алатындай мүмкіндігі мен қолдану қажеттілігін сезіндіретіндей ұйымдастыру жұмысын талап етеді.

Ғасырлар бойы қолданылған, бабалар тәжірибесінен өткен жеке тұлға қабілеті мен қасиеттерін қалыптастыратын тәрбие ісінің ескерусіз қалуы келешегіміздің ұлтжандылық және патриоттық тәрбиесіне нұқсан келтіріп, мәдениетіміз ұлттық сипатынан айрылары сөзсіз. Жас ұрпаққа бұқаралық мерекелер арқылы ұлы тұлғалардың өмірін насихаттауда идеялық-эмоциональдық әсер ету құралдарын молынан пайдаланудың ролі ерекше болмақ. Яғни жанды сөз, музыка, хореография, кино, бейнелеу өнері, техникалық құралдар т.б. Таңдалған тақырыпты жүзеге асыруда режиссерлық түпкі ойдың заман талабы мен көрермендердің талғамына сай келуі – басты көкейкесті мақсаттың жүзеге асуына мол ықпал ететіні даусыз.

Режиссерлық түпкі - ой - болашақ қойылымның бейнелі түрде көрінуі, оның тақырыбы, идеясы мен түрін эмоциональдық және көріп білуге болатындай түрде сезіну. Түпкі-ой – бұқаралық мерекенің мақсаты мен мазмұны, композициялық құрылымын бір номерден екіншісіне, бір эпизодтан кейінгі эпизодқа өтуді (сюжеттік шешімді тәсілдерді, темпоритмді, сахналық атмосфераны, сахнаны безендендіруді) және т.б. шара көрермендерімен жүргізілген жұмысқа қатысты мәселелерді қамтиды.

Режиссерлық түпкі - ойдың сипатына ықпалын тигізетін негізгі факторларға:

- автордың, режиссердың жеке тұлғасы - оның азаматтық көзқарасы, дүниетанымы, өмір қағидалары, тәжірибесі мен оның талғамы:

- шара тақырыбының өзіне ғана тән тарихи, сәулеттік, ұлттық назар аударарлық ерекшеліктеріне лайықталған әрекет орны;

- режиссер -қоюшының сол сәтте қолында бар мәнерлеу құралдарының / көркемдік, орындаушылық, техникалық / мүмкіндіктері жатады.

Бұқаралық мерекелерді, іс-шараларды ұйымдастырудың жаңа технологиясына назар аударайық. Радио мен телевизор, көптеген сауықтық бағдарламаларды бейнежазу арқылы тамашалайтын талғампаз адамдар мән-мағынасын түсіндірместен, орынсыз тартымсыз әрекеттерге назар аударуы қиын. Сол себептен ұйымдастырушылар бір кезектік іс-шараларға немқұрайлы қарамай, оның ұлттық мәдени құбылыстың ерекше түрі екеніне назар аударып, терең ғылыми тұрғыдан әсер ету, мәнін арттыру жақтарына назар аударуы шарт. Ол үшін көпшіліктің назар аударатын көркем құралдары мен амалдарын ойластырып, іріктеу қажет. Мерекелер мен салт-дәстүрлердің құралдары ретінде өнер мен әдебиеттің түрлі жанры, деректі материалдар мен ойын түрлері жатады. Оларды қолдануда адамның сыртқы информацияны қабылдаудың психологиялық заңдылықтарына сүйене отырып, біріншіден, іс-шараны бастағанда кенеттен назар аударатындай әсерлі әрекет ұйымдастырылады. Екіншіден, қатынасушылар мен көрермендерді мәдени әрекетке араласа алатындай амалдар қарастырылуы керек. Мерекелер мен салт-дәстүрлерлік әрекеттер соңы ойда қаларлықтай, сезімге әсер сететіндей әрекетпен аяқталуы шарт.

Ұлттық мәдениеттің заман талабына сай дамуына, оның ғасырлар қойнауында қалыптасып халқының рухани баюына қосар үлесін замандастарымызға жеткізіп ұғындыруда бұқаралық ақпараттар ықпалы ерекше. Жеке тұлғалар мен басты мәдени уақиғалар туралы мақалалар, теледидар хабарлары мен мыңдаған адам жинайтын бұқаралық мерекелер мәдени құндылықтар туралы қоғамдық пікір қалыптастырады. Солардың ішінде мерекелік қойылымдарды алатын болсақ, олардың режиссерлық шешімі,

дәстүрлі мәдениет үлгілерін қолданудың жаңа үлгілерін ұсыну арқылы көрермен дүниетанымына әсер ету мүмкіндігі мол. Режиссерлық көрнекі әдістер: арнайы рәсімдік әрекеттер, басты уақиғаға назар аударатындай ерекше айшықты әсерлік амалдар, кейіпкерлерді таңдап, олардың орналасуының нышандық белгілері, киген киімдері мен бұйымдар түр-түсіне дейін, мереке мазмұнын айшықтайтын мәтін, қолданылатын бұйымдар мен қарым-қатынас жасау тәсілдері арқылы басты идеяны жеткізуге көмектеседі. Мысалды еліміздің бас мерекесі – Тәуелсіздік күнінен келтірейік. Әр іс-шараның өзіндік мақсаты болмақ. Бұхаралық мерекелерде қайталану болуы мүмкін емес. Тұрақты құндылық болып саналатын өнер туындылары қолданылуы мүмкін. Бірақ олардың да орындалу ерекшелігі, қолданылу орыны, мерекелік идеяны ашатындай басқа да сахналық әрекеттермен байланыстырылуы ән, би, тағы басқа өнер туындыларын қайталану есебінде емес, мазмұндық дәлдігімен есте қаларлықтай етуге болады. Көптеген жылдардан бері бұқаралық мерекелердің режиссерлық-қоюшы топ құрамында жүріп, ұлт тарихындағы ұлы тұлғалардың образдарын сан мәрте сахнаға сахнаға лайықтап шығару процесіне қатыстық. Соның айғағындай Тәуелсіздік күніне арналған мерекені мысалға ала отырып ұйымдастырушылық-шығармашылық амалының үлгісі туралы айта кетсек. Барлық әрекеттің басты идеясы ұлтжандылық, еркіндік – бабалардан қалған, ұрпақтарға мұра етіп қалдырылатын қасиет. Режиссурада монтаждық контраст деген түрі бар. Сол тәсілді қолдана отырып жинақталған көркем және деректі материалдарды басты идеяға сай монтаждап инсценировка жасалынды. Басты идеяның түйіні ел тәуелсіздігі бар, оны қорғау үшін жанын пида қылған асылдар бар. Осы екі құндылықты басып аламын деушілерге тойтарыс бере алатындар да болуы тиісті. Енді осы идеяны жеткізетіндей амалдарға тоқталайық. Барлық кезеңдегі мерекелер сияқты мұнда да барлық әрекеттер жинақты образдар арқылы шешілді. Наурызда Қыс пен Көктем болса, бұл іс-шараның негізгі әрекеті тәуелсіздікті қорғаушылар мен тәуелсіздікке шабуыл жасаушылар образдары арқылы шешілді. Жүз-жүзден бөлініп, спорт сарайы алаңының төрт бұрышында ақ киім мен қара киімділер орналасты. Олар орталық әрекеттер төңірегінде бірі шабуыл жасаушы, екіншілері қорғаушы ретінде әр түрлі қимылдар арқылы жеңіс пен жеңілісті суреттеп тұрды. Орталық уақиғалар тарихи даму ізімен, басты кейіпкерлердің егемендік үшін күресін би арқылы, ән мен пластикалық қимылдар арқылы жеткізіп тұрды. Бірінші шыққан Алтын адам өз сарбаздарымен ортаға билеп шыққан кезінде жан-жағынан үстіне торлы қара киім киген бишілер оларға тосқауыл жасағандай, салтанатты шағын бұзуға ұмтылғандай болып би-арпалыс арқылы уақиғаны суреттеді. Алтын адам биі соңында қара киімділер жеңіліп, Алтын адам сарбаздары алаң ортасындағы биіктікке барып скульптуралық композиция жасап тұрады. Би-арпалыс жүріп жатқан кезде Алтын адам кезіндегі қазақ даласында болған тәуелсіздік үшін күрестің, қантөгіс пен жеңістің болғаны туралы шетте, биікте тұрған Тарих образындағы кейіпкер баяндап тұрады. Екінші болып сахнаға шығатын Томирис тобы да өз әрекетін пластикалық қимылдар арқылы, арнайы қойылған би арқылы шешеді. Би соңында ол да биіктікке барып тұрады. Ортаға екпіндетіп Сарбаздарымен Абылайхан шығады. Ә.Кекілбаев жазған Абылайхан монологы оқылып жатқанда, айналасында ақ-қара киім кигендер, Абылайхан сарбаздары пластикалық қозғалыстар арқылы теке-тіреске келіп, Абылайханды биіктікке тағына отырғызғандай етіп, сарбаздарын қасына қарауылға қояды. Қазақ рухының жойыла жаздаған, бассызданып қала жаздаған кезі саяси қуғын-сүргіндеріне байланысты болғанын көрсетпесе тәуелсіздік үшін күрес тарихы толық болмас еді. Сол себептен спорт сарайының жан-жағынан НКВД жендеттері сүйреп алып шыққан С.Сейфуллин, Б.Майлин, И.Жансүгіров, Т.Рысқұлов өмір үйлесімділігін жоғалтқан тұлғалар екенін бейнелеу үшін хаостық жағдайда алаң орталығына орналастырылып, монологтары тыңдалды. Әр кейіпкердің сөзінде еліне деген, халқына деген еркіндік пен ұлттық дарын мен даналығын сақтау қажеттігі аманат етілді. Монологтар біткен кезде жендеттер бір мезгілде келіп кейіпкерлердің мойнына қызыл шарф ілу арқылы Кеңес үкіметінің теріс саясаты ел асылдарының мойнына қан арқанын іліп, халық рухының бассыздануын

білдірді. Көрініс соңында ұлт мақтаныштары биіктікке көтеріліп, олардың аруағын дәріптеуші қыздар «Жоқтау» биін билеп аяқ жақтарына орналасады. Келесі көрініс Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кеңес Армиясының еркіндік үшін, неміс фашизмінің басқыншылық шабуылына қарсы шығып жеңіске жеткендердің ерлігі қызыл матадан жасалған бесбұрышты қара киімдегілер неміс свастикасы формасын жасап жаулап алмақшы болғандарға ақ киімдегілер тойтарыс беріп, қызыл маталар бірнеше қызыл жалауға айналып, жеңіс туы көтеріліп, Алматыдағы 28 панфиловшылар саябағында орнатылған ескерткіш композициясын қайталағандай болып орналасады. Қазақ жерінен соғысқа аттанып, елінің егемендігін сақтағандардың барлығын еске салғандай болды. Соңғы көрініс 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына арналды. Ләззат, Ербол, Қайраттар монологы айтылып, олар да аға буындағы ел қорғандары қатарындағы биіктен, Алтын адам қасынан орын алады. Алматыдағы Республика алаңындағы ескерткіш қасына желтоқсан кейіпкерлерін орналастыру ел үшін, егемендік үшін күрес қазақ халқының басты мүддесі, айнымас мақсаты, сабақтастығын үзбейтін берік ұстаным екенін көрсету болды. Соңғы көріністе тұғырға орналасқан ел егемендігінің тұтқалары айналасына Қазақстанды мекендейтін халықтар өкілдері қолдарына жоғарыдағы шаңырақтан түсірілген түрлі-түсті керегені бейнелейтін ленталарды ұстаған бойда балконда орналасқан 400 адамдық хор әнұранымыз «Менің Қазақстанымды» орындап, олардың алдында сап түзеп тұрған қыран киіміндегі жігіттер ән ырғағымен қарсы беттегі сахнаға жақындап қолдарын биікке көтергенде Қазақстан Республикасының Туы көтеріліп, ленталар ұстағандар шеңбер құрып тұрады.

Жалпы бұқаралық мерекелерде театрализациялау, иллюстрациялау тәсілін қолдану, іс-шараларда LED экрандарда деректі материалдарды тақырыпқа сай монтаждап көрсету, хореографиялық-пластикалық қойылымдар, образдардың скульптуралық композициясын жасау арқылы ұлы тұлғалардың өмірін айшықты формаларда насихаттауда тың режиссерлық шешімдердің молдығы қуантады. Өткеннің өнегесі – бүгінгінің байлығы екендігін ұстаным еткен мәдени-тынығу жұмысы саласында мерекелерді ұйымдастырушылар мерейтойларды тарихтан тағылым алу, ұлылықтан ұлағат алу үшін өткізу керек екендігін есте сақтағаны абзал.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауы. 2 қыркүйек 2019ж.
2. Камалова Н. Қазақтың мәнін жоймас құндылығы./Монография 2-басылым. - Алматы: ССК, 2017. – 172 б.
3. Қамзабекұлы Д.Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел-шежіре, - 306 б.
4. Нұрпейіс К Тарихи тұлғалар. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007, - 172 бет.
5. Рысқұлов Т.Р. Шығармаларының толық жинағы. Полное собрание сочинений. Т.1. - Алматы: «Қазығұрт»баспасы, 2007, - 392 бет.

Аннотация: В статье рассматривается роль массовых праздников по проведению юбилейных дат, посвященных великим казахским историческим личностям. В современном мире праздник является общественным явлением, поэтому учитывая художественный уровень организации мероприятия, активизацию зрителей, многогранность использования идейно-эмоциональных средств можно дать полноценную оценку культурно-экономическому развитию государства. Человек живущий в мире информационных технологии высокообразованный, требовательный, его ожидания суперсовременных форм массовых праздников веяния времени. Поэтому при постановках праздников, посвященных великим историческим личностям, юбилейным датам, государственным праздникам у организаторов(режиссер, сценарист, художник, балетмейстер, хормейстер и.т.б) основополагающими должны быть: идейно-тематическая основа, режиссерский замысел, образное решение, использования методов театрализации и иллюстрации, музыкально-шумовые эффекты, декорации, реквизит и бутафория, инсценировка документальных

и художественных материалов, монтаж, зрелищные мизансцены. Приведены примеры раскрытия сценических образов великих исторических личностей.

Abstract: The article deals with the role of mass holidays for anniversaries dedicated to the great Kazakh historical figures. In today's world the festival is a public phenomenon, therefore, given the artistic level of the event organization, the revitalization of the audience, the versatility of the use of ideological and emotional tools, you can give a full assessment of the cultural and economic development of the state. The person living in the world of information technology is highly educated, demanding, his expectations of ultramodern forms of mass holidays are the trends of the times. Therefore, when staging holidays dedicated to great historical figures, anniversaries, public holidays, the organizers (Director, screenwriter, artist, choreographer, choirmaster, etc. b) osnovopologayuschimi should be: ideological and thematic basis, Director's idea, imaginative solution, the use of methods of theatricalization and illustration, music and noise effects, scenery, props and props, staging documentary and artistic materials, installation, spectacular mise-EN-scene. Examples of disclosure of scenic images of great historical figures are given.